

Прокуратура органдарында (әскери прокуратура органдарын қоспағанда) қызмет өткерген қызметкерлерге зейнетақы төлемдерін тағайындау және оларды жүзеге жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 111-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылы 5 мамырда № 9391 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 1022 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 02.12.2016 № 1022 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1500 қаулысымен бекітілген Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындау және оларды жүзеге асыру қағидаларының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Прокуратура органдарында (әскери прокуратура органдарын қоспағанда) қызмет өткерген қызметкерлерге зейнетақы төлемдерін тағайындау және оларды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті заңда белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің Бақылау және әлеуметтік қорғау

комитетіне, «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына, Қазақстан Респубикасының Бас прокуратурасына жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Министр

Т. Дүйсенова

К Е Л І С І Л Д І

Қазақстан Республикасының

Б а с п р о к у р о р ы

А. Дауылбаев

2014 жылғы 3 сәуір

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлінің

2014 жылғы 20 наурыздағы

№ 111 - ө б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

Прокуратура органдарында

(әскери прокуратура органдарын қоспағанда) қызмет

өткерген қызметкерлерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы

төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 12.01.2016 № 11 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

1. Осы Прокуратура органдарында (әскери прокуратура органдарын қоспағанда) қызмет өткерген қызметкерлерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) адамдардың көрсетілген санатына еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру тәртібін нақтылау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1500 қаулысымен бекітілген Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған

адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындау және оларды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) зейнетақы төлемдерін беру жөніндегі уәкілетті ұйым – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар, «Қазпочта» АҚ - ның аумақтық бөлімшелері;

3) зейнетақы төлемдерін тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері;

4) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері (бұдан әрі – зейнетақы төлемдері) – зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар сыныптық шен берілген прокуратура органдарының (әскери прокуратура органдарын қоспағанда) қызметкерлеріне, сондай-ақ сыныптық шендер алу және нысанды киім жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға (бұдан әрі – прокуратура қызметкерлері) бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тағайындалатын ай сайынғы ақшалай төлем;

5) зейнетақы төлемдерін алушы – зейнетақы төлемдері тағайындалған прокуратура қызметкерлерінің қатарындағы жеке тұлға;

6) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері – Мемлекеттік корпорацияның қалалық, аудандық бөлімшелері;

7) Мемлекеттік корпорация филиалдары – Мемлекеттік корпорацияның облыстық, Астана және Алматы қалаларындағы филиалдары;

8) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

9) орталықтандырылған дерекқор (бұдан әрі – ОДҚ) – Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасы аясында белгіленген шарттарда төлемдер түрлерін жүзеге асыруға арналған орталық атқарушы органның орталықтандырылған дерекқоры;

10) өтініш беруші – зейнетақы төлемдерін тағайындауға жүгінетін прокуратура қызметкерлерінің қатарынан жеке тұлға;

11) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

2. Зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру

3. Қызметте болудың шекті жасына жетуі, штаттың қысқаруы, өз қалауы және денсаулығының жағдайы бойынша жұмыстан босатылған прокуратура қызметкерлеріне зейнетақы төлемдерін тағайындауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін прокуратура қызметкері тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш және сәйкестендіру үшін – жеке басты куәландыратын құжатты береді.

Өтініш қабылдаған кезде жеке басты куәландыратын құжат туралы, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтерді «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден (бұдан әрі – ақпараттық жүйелер) алады.

Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған кезде өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

жеке басты куәландыратын құжаттың (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтияраты) көшірмесі;

тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімдерінің анықтамасы).

Өтінішке сондай-ақ зейнетақы төлемдерін беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер қоса беріледі.

Зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін өтінішті 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша үшінші тұлғалар береді.

5. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:
осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша прокуратура органдарының елтаңбалық мөрімен куәландырылған прокуратура органдарының өтілді белгілеу жөніндегі комиссиясының қорытындысы;
прокуратура органдарының елтаңбалық мөрімен куәландырылған қызметтік тізім;

прокуратура органдарының елтаңбалық мөрімен куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі және «Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабына сәйкес еңбек өтілін растайтын басқа да құжаттар ;

әскери билетінің көшірмесі ;

осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшалай қамтылымы төленген күні көрсетілген ақшалай қамтылымның мөлшері туралы анықтама ;

қызметтен босатылған күні, себебі көрсетілген қызметтен босату туралы бұйрықтан үзінді-көшірме ;

жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қатысушылары үшін осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарды, сыныптық шендерді иелену және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызын жеке зейнетақы шотынан есептен шығару туралы растау-анықтама ұсынылады.

6. Өтініш құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріле отырып, осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштерді электрондық тіркеу журналында тіркеледі .

7. Өтініш беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған немесе зейнетақы төлемдерін тағайындауға құқығы болмаған жағдайда өтініш берушіге кідіртпестен осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

8. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі үш жұмыс күні ішінде зейнетақы төлемдерін алушының зейнетақы ісінің электрондық макетін (бұдан әрі – ІЭМ) және зейнетақы төлемдерін тағайындау (қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешімнің жобасын қалыптастырады, олар Мемлекеттік корпорацияның филиалына жіберіледі.

ІЭМ зейнетақы ісінің осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес қағаз нұсқасын қалыптастыру үшін басып шығарылады.

9. Мемлекеттік корпорацияның филиалы екі жұмыс күні ішінде ІЭМ-ді ресімдеудің және зейнетақы төлемдерін есептеудің дұрыстығын тексереді, одан кейін келіп түскен құжаттарды уәкілетті органға жібереді. Бұл ретте шешімнің электрондық жобасы Мемлекеттік корпорация филиалы маманының және басшысының ЭЦҚ-сымен куәландырылады.

10. Уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде келіп түскен ІЭМ-ді қарайды, осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау (қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды, құжаттарды Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жібереді.

11. Негіздер болған кезде уәкілетті орган Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінен ІЭМ-мен салыстырып тексеру үшін қағаз жеткізгіштегі іс макетін с ұ р а т а д ы .

12. Егер зейнетақы төлемдерін тағайындау (қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексеру мақсатында ІЭМ-ге қосымша құжаттарды қосу қажеттігі анықталса, уәкілетті орган ІЭМ-ді осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламамен Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қайтарады.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі хабарлама келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіні қосымша құжаттарды жиырма бес жұмыс күні ішінде ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеді. Қайта ресімдеу мерзімі отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Осы Нұсқаулықтың талаптары ескеріле отырып жете ресімделген ІЭМ-ді, зейнетақы төлемдерін тағайындау (қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы электрондық шешімнің жобасын дайындау және оны уәкілетті органның бекітуі осы Нұсқаулықтың 8, 9 және 10-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

13. Зейнетақы төлемдерін тағайындау (қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылданған кезде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық хабарламалар журналына тіркей отырып, оны өзі жүгінген кезде береді немесе өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабар жіберу арқылы өтініш берушіні хабардар етеді. Sms-хабарлар осы Нұсқаулыққа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық sms-хабарлар ж у р н а л ы н д а т і р к е л е д і .

Уәкілетті органның зейнетақы төлемдерін тағайындау (қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы қағаз жеткізгіштегі шешімін Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы алушының ісіне тігеді.

14. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш беруші жүгінген кезде қол қойдыра отырып беретін осы Нұсқаулыққа 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәлік алушының мәртебесін растайтын ресми құжат болып табылады.

Куәлікті беру осы Нұсқаулыққа 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәліктерді тіркеу журналында тіркеледі.

Зейнетақы төлемдерінің мөлшері өзгерген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жүргізілген өзгерістер туралы куәлікке қажетті жазба

ж а с а й д ы .

15. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жыл сайынғы арттыруға, айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін өзгертуді осы Нұсқаулыққа 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі дайындаған электрондық шешім жобасының негізінде уәкілетті орган жүргізеді.

16. Алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) өзгерген кезде ОДҚ-да автоматты режимде өзгерістер жүргізіледі.

Алушының банк шотының нөмірі, тұрғылықты жері өзгерген жағдайда, алушы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне тиісті өзгерістерді растайтын құжаттармен осы өзгерістер туралы өтініш береді.

17. Прокуратура қызметкерлері қатарындағы алушыларды әскери (арнаулы) атақ, сыныптық шен бере отырып, біліктілік сыныптары белгіленіп, мемлекеттік қызметке алу кезінде зейнетақы төлемдерін 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін жүзеге асыру оны лауазымға тағайындаған күннен бастап тоқтатылады.

18. Мемлекеттік корпорация уәкілетті органның зейнетақы төлемдерін тағайындау (қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешімдерінің негізінде бес жұмыс күні ішінде зейнетақы төлемдерінің тағайындалған сомаларын төлемге бюджет қаражатының қажеттілігіне қосуды қамтамасыз етеді , оны ай сайын төлем айының алдындағы айдың 25-күніне қарай Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне (бұдан әрі –
М и н и с т р л і к) ұ с ы н а д ы .

19. Министрлік төлемге бюджет қаражатының қажеттілігіне сәйкес жеке қаржыландыру жоспарында көзделген сомалар шегінде Мемлекеттік корпорацияға бюджет қаражатын аударуды жүзеге асырады.

20. Мемлекеттік корпорация бюджет қаражатын ала отырып, төлеу кестесіне сәйкес төлемге арналған төлем тапсырмаларын қалыптастырады. Төлем айына қажеттілікті қалыптастырғаннан кейін пайда болған сомалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес одан кейінгі айға қосылуға т и і с .

21. Алушыларға зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі өзара іс-қимыл, егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзгеше белгілемесе, Мемлекеттік корпорация мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында жасалған шарттар негізінде регламенттеледі.

22. Атқарушылық іс жүргізу құжаттары зейнетақы төлемдерінен ұстап қалуға келіп түскен жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі ОДҚ-да ұстап қалуды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді.

Алушының зейнетақы төлемдерінен ұстап қалуға өтініші келіп түскен

жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Нұсқаулыққа 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның шешімінің негізінде ұстап қалуды жүргізеді.

23. Зейнетақы төлемдерінің артық есептелген (төленген) сомаларын қайтару:

алушының өтініші бойынша;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздемелер бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесі хатының негізінде жүзеге асырылады;

соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

24. Зейнетақы төлемдерінің сомалары қате аударылған жағдайларда Мемлекеттік корпорация зейнетақы төлемдерін беру жөніндегі уәкілетті ұйымға, Мемлекеттік корпорация мен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін беру жөніндегі уәкілетті ұйым арасындағы шартта белгіленген нысан бойынша және тәсілмен төлем тапсырмасын кері қайтару немесе нұсқауды орындауды тоқтата тұру туралы ақпарат жолдайды.

Зейнетақы төлемдерін беру жөніндегі уәкілетті ұйым қате аударым не кері қайтару немесе нұсқауды орындауды тоқтата тұру туралы ақпараттың негізінде ақшаны Мемлекеттік корпорацияға қайтаруды жүзеге асырады не нұсқауды орындауды тоқтата тұрады.

25. Зейнетақы төлемдерін жүзеге асырумен байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу және өзара іс-қимыл бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

26. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақы төлемдерін осы Нұсқаулыққа 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның шешімінің негізінде:

1) зейнетақы төлемдерін беру жөніндегі уәкілетті ұйым ұсынатын алушының банктік шоты бойынша үш және одан көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы;

2) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің өтуі туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

3) іздеуде жүрген адамдардың хабар-ошарсыз кету фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

4) зейнетақы төлемдерін алушылардың Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтата тұрады.

27. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Нұсқаулыққа 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның шешімінің негізінде: қайтыс болу туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынатын

м ә л і м е т т е р ;

кету елінің уәкілетті органынан зейнетақы төлемдерін алушының зейнетақы ісіне сұрау салу ;

зейнетақы төлемдерін алушының оны ішкі істер органдарынан тіркеуден шығарғанын растайтын құжатпен қоса өтініші келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап зейнетақы төлемдерін төлеуді тоқтатады.

28. Мемлекеттік корпорация стационар жағдайларында медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын және толық мемлекеттің қамсыздандыруындағы адамдарға зейнетақы төлемдерін Заңының 68-бабының 5-тармағына сәйкес белгіленген көлемде алушы медициналық-әлеуметтік мекемеге (ұйымға) түскені (шыққаны) туралы ақпарат келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап, жүзеге асырады.

Атқарушылық іс жүргізу құжаттары немесе алушының Заңның 68-бабының 5-тармағында белгіленген зейнетақы төлемдерінің көлемін ұстап қалуға өтініші келіп түскен жағдайда тиісті ұстап қалулардан кейін айқындалады.

Зейнетақы төлемдерінің сомасын аудару медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын және толық мемлекеттің қамсыздандыруындағы адамдарға іс жүргізу заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Тұрғылықты жері ауысқан кезде зейнетақы төлемдерін тағайындау және төлеу тәртібі

29. Тұрғылықты жері ауысқан жағдайда зейнетақы төлемдерін алушы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне осы Нұсқаулыққа 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы төлемдерін алушының зейнетақы ісін сұратуға өтініш ұсынады. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақы төлемдерін алушының зейнетақы ісіне сұрау салуды өтініш берушінің бұрынғы тұрған жері бойынша жүзеге асырады.

30. Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне кеткен зейнетақы төлемдерін алушының зейнетақы ісі Мемлекеттік корпорацияның басқа бөлімшелерінің сұрау салуы бойынша осы Нұсқаулыққа 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама-аттестатпен қоса жіберіледі.

31. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге алушы кеткен жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Нұсқаулыққа 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішінің негізінде зейнетақы төлемдерін алушының зейнетақы ісін қолға береді немесе басқа елдердің уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша жібереді.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға

кетушілерге зейнетақы төлемдері ішкі істер органдарынан тіркеуден шығарылған айға қоса жүргізіледі.

4. Алушы қайтыс болған жағдайда біржолғы ақшалай өтемақы және біржолғы жәрдемақы тағайындау және төлеу

32. Зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болған жағдайда: егер біржолғы ақшалай өтемақыға өтініш зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болған айдан кейін үш жылдан кешіктірілмей берілген болса, алушы қайтыс болған сәтте айқындалған мөлшерде біржолғы ақшалай өтемақы; қайтыс болған алушының отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақы төленеді.

33. Біржолғы ақшалай өтемақы және қайтыс болған алушының отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақы тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне осы Нұсқаулыққа 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беріледі.

34. Біржолғы ақшалай өтемақы және қайтыс болған алушының отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақы тағайындауға өтініш қабылданған кезде жеке басты куәландыратын құжат туралы, зейнетақы төлемдерін алушының қайтыс болғаны туралы мәліметтерді тиісті ақпараттық жүйелерден алады.

Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған кезде жерлеуді жүзеге асырған жеке немесе заңды тұлға өтінішке мынадай құжаттарды қоса береді:

1) жерлеуді жүзеге асырған адамның жеке басын куәландыратын құжат не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (куәлік) (заңды тұлғалар үшін) немесе жерлеуді жүзеге асырған дара кәсіпкердің патенті (заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін);

2) алушының қайтыс болғаны туралы куәлік немесе басқа мемлекеттердің уәкілетті органы берген және апостиль қойып куәландырылған қайтыс болу фактісін растайтын құжат.

Өтінішке сондай-ақ зейнетақы төлемдерін беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік шоттың нөмірі туралы мәліметтер қоса беріледі.

Қайтыс болған алушының отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақы тағайындау үшін мынадай құжаттарды қоса береді:

қайтыс болған адаммен туыстық қатынастары туралы куәландыратын құжаттар (туу туралы, неке туралы, некені бұзу туралы, әкелікті (аналықты) белгілеу туралы куәліктер);

он сегізден жиырма үшке дейінгі жастағы балалары күндізгі оқу нысанының білім алушылары болып табылатыны туралы оқу орнының анықтамасы.

35. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі бір жұмыс күні ішінде осы Нұсқаулыққа 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біржолғы ақшалай өтемақы

және отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақы тағайындауға (тағайындаудан бас тартуға) ІЭМ-ді және шешімнің электрондық жобасын қалыптастырады.

Қалыптастырылған ІЭМ біржолғы ақшалай өтемақы және отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін Мемлекеттік корпорацияның филиалы арқылы уәкілетті органға жіберіледі.

Уәкілетті орган электрондық құжаттармен шешімнің электрондық жобасын қарайды, олар уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде біржолғы ақшалай өтемақы және отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

36. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі уәкілетті органның біржолғы ақшалай өтемақы және отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақы тағайындау туралы шешімінің негізінде олар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Нұсқаулыққа 23 немесе 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді, сондай-ақ 25-қосымшаға сәйкес тізім-ведомосін қалыптастырады және Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

37. Біржолғы ақшалай өтемақы және отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақы аударуды Мемлекеттік корпорация өтініш тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Прокуратура органдарында
(әскери прокуратура органдарын
қоспағанда) қызмет өткерген
қызметкерлерге еңбек сіңірген
жылдары үшін зейнетақы
төлемдерін тағайындау және
оларды жүзеге асыру
жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша
нысан

Прокуратура органдары комиссиясының өтілді белгілеу жөніндегі қорытындысы

20 __ жылғы «__» _____

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

Туған күні: _____ жылғы «__» _____

ЖСН _____

—
Сыныптық шені: _____

Прокуратура органдарының, ведомстволары мен мекемелерінің
20___ жылғы «__» _____№ бұйрығымен
себебі бойынша 20___ жылғы «___» _____ бастап жұмыстан босатылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 129
қаулысымен бекітілген Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және
құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет
қызметкерлеріне, сондай-ақ арнайы атақтар, сыныптық шендер алу және
нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап
жойылған адамдарға еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларына
сәйкес комиссия жеке іс материалдарын тексеріп, еңбек сіңірген
жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне құқық беретін өтілді белгілейді.

Еңбек сіңірген жылдары жұмыстан босатылған күнге:
__ жыл __ ай __ күн құрайды

Еңбек өтілі жұмыстан босатылған күнге:
__ жыл __ ай __ күн құрайды

Комиссия төрағасы, лауазымы _____ Т.А.Ә.

(қ о л ы)

Комиссия хатшысы _____ Т.А.Ә.

(қ о л ы)

Комиссия _____ қорытындысымен _____ таныстым
және келісемін _____ қызметкердің Т.А.Ә.

(қолы)

Прокуратура органдарында
(әскери прокуратура органдарын
қоспағанда) қызмет өткерген
қызметкерлерге еңбек сіңірген

жылдары үшін зейнетақы
төлемдерін тағайындау және

оларды жүзеге асыру

жөніндегі нұсқаулыққа

2-қосымша

нысан

Берілген күні 20___ жылғы «__» _____

Шығ. № _____

Ақшалай қамтылымның мөлшері туралы анықтама

_____ (прокуратура органының атауы)

жұмыстан босатылған күнге ақшалай қамтылым

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Туған күні: _____ жылғы «___» _____
Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

(а т қ а р а т ы н л а у а з ы м ы)

(с ы н ы п т ы қ ш е н і)
_____ теңгені, оның ішінде лауазымдық жалақысы _____ теңгені,
сыныптық шеніне төленетін үстемеақы _____ теңгені құрайтыны осымен
куәландырылады.

Ақшалай қамтылым 20__ жылғы «__» _____ дейін төленді.
Басшы _____ Т.А.Ә.

(қ о л ы)

Бас бухгалтер _____ Т.А.Ә.

(қолы)

М.О.

Прокуратура органдарында
(әскери прокуратура органдарын
қоспағанда) қызмет өткерген
қызметкерлерге еңбек сіңірген
жылдары үшін зейнетақы
төлемдерін тағайындау және
оларды жүзеге асыру
жөніндегі нұсқаулыққа

3-қосымша

нысан

Б е р і л г е н _____ к ү н і

20 _____ Ж ы л ғ ы « _____ » _____

№ _____

Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарды, сыныптық шендерді иелену және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін

Прокуратура органдарында
(әскери прокуратура органдарын
қоспағанда) қызмет өткерген
қызметкерлерге еңбек сіңірген
жылдары үшін зейнетақы
төлемдерін тағайындау және
оларды жүзеге асыру
жөніндегі нұсқаулыққа
5-қосымша
нысан

**Еңбек сіңірген
жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш
қабылдаудан бас тарту туралы
№ _____ қолхат**

Азамат (ша) _____
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Туған күні _____ жылғы «__» _____
Өтініш берген күні 20__ жылғы «__» _____

Құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған төлемдерді тағайындау үшін талап етілетін зейнетақы ақпараттық жүйелерден мәліметтерді, құқығы болмаған жағдайда тағайындауға өтініш қабылдаудан бас т а р т ы л д ы .

(жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса) және лауазымы)
Прокуратура органдарында
(әскери прокуратура органдарын
қоспағанда) қызмет өткерген
қызметкерлерге еңбек сіңірген
